

Астрахан ауданы Новочеркасск ауылдық округі Новочеркасск ауылының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы Новочеркасск ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 19 қыркүйектегі № 10 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 22 қыркүйекте № 29756 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Новочеркасск ауылдық округі Новочеркасск ауылы халқының пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 23 маусымдағы қорытындысы негізінде **ШЕШТІМ:**

1. Астрахан ауданы Новочеркасск ауылдық округі Новочеркасск ауылының келесі құрамдас бөліктері қайта аталсын:

- 1) Мира көшесін Бейбітшілік көшесіне;
- 2) Победа көшесін Жеңіс көшесіне;
- 3) Садовая көшесін Бақ көшесіне;
- 4) Новый маслозавод көшесін Болашақ көшесіне;
- 5) Набережная көшесін Жағалау көшесіне;
- 6) Школьная тұйық көшесін Бірлік тұйық көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Новочеркасск ауылдық
округінің әкімі*

Ә.Орынбай